

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОҒИ
«7М02202- Гуманитарлық ғылымдар (Тарих- Жад зерттеулері: Қазақстан және Орталық Азия)»

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Сағатпен (ECTS)
БД 1	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ(БП)	35
1	Жад, тұлға және тарих Тарихи жады", "әлеуметтік жады" және "мәдени жады" ұғымдарының дефинициясы. Жеке жадтан ұжымдық жадқа көшу мәселесі төңірегінде қазіргі заманғы дискуссиялар. Тарихи жадыны зерттеудегі әлеуметтік-тарихи және мәдени-антропологиялық ұстанымдар. Тақырыптың деректік көздері: тарих сабақтарында тұлғаны зерттеу мәселелері. Тарихи тұлғаны зерттеу әдістемесі.Тарихи тұлға: оқыту әдістемесінің қазіргі жағдайы.	5
2	Қазақ қоғамы және әдебиеті (XIXғ.-XX ғ.басы) XIX ғасырдағы қазақ қоғамында қалыптасқан тарихи жағдайлардың әдебиеттегі көрініс табуы. Тарихи жағдай және Зар-заман ақындарының шығармалары. Жер мәселесі және қазақ әдебиеті XIX -XX ғ.басындағы ұлт-азаттық көтерілістер және қазақ әдебиеті. XX ғ. басындағы әлеуметтік мәселелердің қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде. Алаш әдебиеті және ұлттық бірегейлік мәселелері.	5
3	Қазақстанның интеллектуалдық тарихы (кеңестік кезең) Интеллектуалдық тарихтың ғылым саласы ретінде дамуы. Қазақстанның интеллектуалдық тарихындағы XIX ғ. қазақ ағартушылығының орны. Қазақ зиялылары және қазақ тарихының бастаулары. XX ғ. басындағы Алаш зиялыларының оқу-ағарту мәселелеріне қатысты ұстанымдары. Білім, ғылым мәселелеріне қатысты кеңестік буынның көзқарастары (О.Жандосов, Т.Жүргенов т.б.). XXғ. интеллектуалдық жетістіктер.	5
ПД 2	КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	49
1.	Қазақстандағы кеңестік жоба (1917-1930 жж.): кезеңдері мен іске асыру механизмдері Бұл курста Қазақстандағы советтік биліктің орнауымен оның жүргізілген саясатының орндалуы және социализмнің мифтік жоспарларының жүзеге асуы, әлеуметтік-экономикалық бағдарламалары сонымен қоса жасанды қолмен түрлі іске аспайтын социалистік қиялдарды механизмдерінің халықты сендіріп, түрлі саяси механизмдер арқылы елді басқаруы.	5
2.	Сталиндік мәдениет (30-шы жж) Бұл курста 1930 жылдардағы советтік мәдениеттің дамуын қарастырып, ондағы ерекшеліктері мен маңыздылығын сонымен қоса түрлі әлеуметтік таптардың мәдениетін қамтиды.Сталиндік кезеңдегі елдің дамуындағы Қазақстанның мәдени ерекшеліктері. Сонымен қатар рухани құндылықтардың ерекшеліктерін оқытады.	5
3.	Қазақстандағы ерте кеңестік кезеңдегі дін және қоғам Бұл курста Совет мемлекетінің дін және діни ұйымдарға ұстанған саясатының, жергілікті халықтың дәстүрін, дінін, ділін ерекшеліктерін ескермей большевизм мен мұсылман арасында мүдделер үшін қақтығыстар туралы мәселелер қарастырылады. Совет билігінің жаңа саясаты дін және	5

	діни ұйымдарды толық жабумен аяқталды.	
4.	Орталық Азиядағы соғыс, жад және жад саясаты	5
	Тарихи саясаттың әдістері травмалық оқиғаларды жариялау мен таратудың әртүрлі нұсқалары. Соғыс туралы жадыны саяси пайдаланудың жаңа тәсілдерін іздеу. Ұлы Отан соғысы туралы естелік "әмбебап" символдық ресурс ретінде. Жеңіс туралы жадтың ресми нұсқаға төнген сындар мен қатерлер. Тарихи саясат идеологияның негізі және маңызды бөлігі ретінде. Орталық Азиядағы тарихи саясаттың қазіргі жағдайы.	
5.	Зерттеу практикасы	9
	Зерттеу тәжірибесінде магистранттар ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастырудың негізгі кезеңдері мен принциптерінің мазмұнына түсінеді, зерттеудің негізгі бағыттары, олардың кәсіби қызметі саласындағы қазіргі проблемалар және оларды шешудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Әр түрлі көздердің жіктелуі мен ерекшеліктерін, зерттеу нәтижелерін ұсынудың әдістері мен құралдарын біледі.	